

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитеттің мәжілісі

№4 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

18.06.2025 ж.

Қатысқандар:

АК төрайымы:

1. Меирбекова Оксана Даировна

АК мүшелері:

2. Абдикулова Загипа Киргизбаевна

3. Агабекова Актolkын Бекарысовна

4. Калимбетова Жансая Сейдахановна

5. Бабахан Шохрух Абдилкасымұлы

6. Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич

7. Байбаков Абзал Нурмаханұлы

8. Махмутова Гулжан Бақитжанқизи

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау.
2. Қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру, пікірлерін тыңдау.
3. «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізу
4. Сәуір, мамыр, маусым айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау, академиялық комитеттің жылдық есебін талқылау және бекітуге ұсыну

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы О.Д.Меирбекова: Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау, қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру, пікірлерін тыңдау, «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізу және сәуір, мамыр, маусым айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау, академиялық комитеттің жылдық есебін талқылау және бекітуге ұсыну болып табылады. Осы мәселелер бойынша жасалып жатқан жұмыстарды талқылап өтсек.

АК мүшесі, Калимбетова Ж.С. бірінші мәселе бойынша: Сапаның сыртқы қамтамасыз етілу рәсімдері жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруда маңызды стратегиялық құрал болып табылады. Бұл рәсімдер университеттің ішкі сапа менеджменті жүйесінен тыс, тәуелсіз аккредиттеу агенттіктері, соның ішінде Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі сияқты ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Сыртқы бағалау механизмдері оқу үдерісінің сапасын бейтарап әрі кәсіби сарапшылардың көмегімен жан-жақты және объективті түрде талдауға мүмкіндік береді. Әрбір білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылатын құжаттар мазмұны мен құрылымы жағынан нақты талаптарға сай болуы және қолданыстағы стандарттарға сәйкес рәсімделуі тиіс. Сонымен қатар, сыртқы бағалау нәтижесінің сапалы әрі толық жүзеге асырылуы көп

жағдайда кафедра ұжымының белсенділігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты екені атап өтілді.

Шешім: Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедуралары ұйымдастырылып, нәтижелері талданды, есеп дайындалды.

АК мүшесі, Абдикулова З.К екінші мәселе бойынша: Қолданыстағы 6B07153-«Электр энергетикасы», 6B07154-Автоматтандыру және басқару, 6B07189-Машина жасау, 7M07130-Электр энергетикасы, 7M07158 - Автоматтандыру және басқару ББ ББ шеңберінде жұмыс берушілермен, яғни «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-ның басқарма төрағасы Б.А.Худайбергеновпен, Кентау политехникалық колледж директоры А.Султанбаевпен кафедра ОПҚ кездесу ұйымдастырды, жұмыс берушілердің пікірлері тыңдалды. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде жұмыс берушілермен өзара әрекеттестік – білім беру бағдарламаларының сапасын арттырудың маңызды бөлігі болып табылады. Осыған байланысты қолданыстағы білім беру бағдарламасы шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру – еңбек нарығы талаптарына сай маман даярлауды қамтамасыз етудің тиімді тәсілі екенін айта аламыз. Жұмыс берушілермен кездесулердің мақсаты – жұмыс берушілерден кері байланыс алу, олардың талаптары мен ұсыныстарын ескере отырып, оқу үдерісіне түзетулер енгізу. Жұмыс берушілер оқу бағдарламасының мазмұнына, түлектердің кәсіби дағдыларына, тәжірибелік дайындық деңгейіне қатысты өз пікірлерін білдірді.

Кездесу барысында

-жұмыс берушілер қазіргі маманға қойылатын талаптар нақтыланды,

-бағдарламаның практикалық бағыттылығы талқыланды;

-өндірістік тәжірибе, дуальды оқыту, және бірлескен жобалар секілді мәселелер қарастырылады;

Жиналған пікірлер мен ұсыныстар білім беру бағдарламасын жетілдіруге, жаңа элективті пәндер енгізуге, практикалық компоненттерді күшейтуге және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталды. Жұмыс берушілермен жүйелі түрде кері байланыс орнату – жоғары оқу орындарының еңбек нарығына бейімделген, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жолындағы маңызды қадамдарының бірі екендігіне көз жеткізілді.

Шешім: Қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырылып, пікірлері тыңдалды.

АК мүшесі, Бабахан Ш.А. үшінші мәселе бойынша: «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізу.

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы бойынша кафедраға қарасты ББ бойынша 6B07153-Электр энергетикасы ББ-сы 35 ЖОО арасынан 30 орынға, 6B07154-Автоматтандыру және басқару ББ 27 ЖОО арасынан 22 орынға орналасты. Көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен болуы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі мен жалақының төмен болуы есебінен орын алғандығы байқалады. Алдағы уақытта бітіруші түлектермен барыншы байланыс орнатып жұмыс жасау үшін жоспарлар құрылды.

Шешім: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы талданды.

АК мүшесі Агабекова А.Б. Құрметті АК мүшелері сәуір, мамыр, маусым айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды деп есептеуге болады. Оның ішінде сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедуралары ұйымдастырылып, нәтижелері талданды, есеп дайындалды, қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу

ұйымдастырылып, пікірлері тыңдалды, «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізілді. Жоспар бойынша жұмыстар өз деңгейінде орындалып жатқындығын айтқым келеді.

Шешім: Сәуір, мамыр, маусым айында атқарылған іс-шаралар қабылдансын.

Күн тәртібінің әртүрлі мәселелері бойынша *АК мүшесі, Абдикулова З.К.*: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы бойынша кафедраға қарасты ББ бойынша 6B07153-Электр энергетикасы ББ-сы 35 ЖОО арасынан 30 орынға, 6B07154-Автоматтандыру және басқару ББ 27 ЖОО арасынан 22 орынға орналасты. Көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен болуы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі мен жалақының төмен болуы есебінен орын алғандығы байқалады. Алдағы уақытта бітіруші түлектермен барыншы байланыс орнатып жұмыс жасау үшін жоспарлар құрылды.

Шешім: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы талданды.

**6B071 Инженерия және инженерлік іс
даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитет төрағасы:**

О.Д.Меирбекова